

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Қараша айы, II-апта (09.11-13.11.2020ж.)

Өтпелі тақырып: "Дені саудың жаны сау."

Апталық тақырып: "Жеміс бағында."

Мақсаты: Балалардың тазалық туралы білімдерін кеңейту. Әрдайым денелерін, бөлмелерін таза ұстауға, сымбатты, әдемі болып өсуге тәрбиелеу. Тазалық көмекшілерімен таныстыра отырып, олардың қолдану тәсілдері туралы білімдерін кеңейту.

Міндеті: баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез- құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіруге бағытталған.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 09.11.2020ж.	Сәрсенбі 10.11.2020ж.	Сәрсенбі 11.11.2020ж.	Бейсенбі 12.11.2020ж.	Жұма 13.11.2020ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Санамақты үйрету. Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру	Дидактикалық ойын: "Ұқсас затты тап." Мақсаты: Пішіндерге ұқсас заттарды тауып, атын атай білуге, ажыратуға үйрету.	Саусаққа жаттығу "Саусақ аттарымен таныстырамыз" .Саусақтарымызды бір-бірлеп тұрғызып, аттарымен таныстырайық. Бас бармақ Балаң үйрек, Орган терек, Кішкене бөбек, Шылдыр шүмек	Дидактикалық ойын: "Вагондарға дөңгелек таңдау" Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттеріне білуге жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін айтқызу.
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені: "Сағаттар"				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан – жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»	Қимылды ойын: «Сылдырмаққа дейін еңбекте»	Қимылды ойын: "Поезд" Мақсаты:	Дидактикалық ойын: "Көкөністерді тап" Мақсаты: Балаларды	Дидактикалық ойын: "Жоғары-төмен" Мақсаты:

		Мақсаты:Балалардың есте сақтауын,танымдық қабілеттерін дамыту	Мақсаты: балаларды еңбектеуге, кедергілерлі ұстамай өтуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету	балаларды ойынға қызығушылығын арттыру.	ң есте сақтау қабілетін арттыру.,көкөністерд і ажырату.	Кеңістікте бағдарлайтын "жоғары ", "төмен"ұғымдарын түсініп орындауға үйрету. Берілген тапсырманы түсініп орындауға дағдыландыру.
Мектепке дейінгі ұйым бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері	9.15-10.20	<p>1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жемістер» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінде пісетін жеміс түрлерімен таныстырып, олардың түстерін, пішіндерін ажырата білуге үйрету. Жемістердің өсу ортасы жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатты қорғауға баулу</p> <p>Әдіс-тәсіл: 1.Шаттық шеңбер 2.Көрнекілік арқылы жемістермен таныстыру. 3.Қостілділік:жемістер-фрукты,дәрумендер-витамины. 4.Д/ойын:"Жемістермен көкөністерді ажырат" 5.Сергіту сәті. 6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p> <p>2."Таным" Математика негіздері Тақырыбы: «Бақтағы жемістер» Мақсаты: Балаларға</p>	<p>2."Денсаулық" 1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Егінді жинаймыз» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтап, жіптің бойымен жүруді үйрету. Алақан мен табанға сүйеніп, шектелген алаңда қол аяқ қимылдарын үйлестіріп еңбектей білуін бекіту.</p> <p>3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Мен алманы жақсы көрем» (Д.Қиқымов) Мақсаты: Жемістер туралы түсінік беру. Балаларды бірдей ән салуға,бірінің артынан бірі жүру барысында би игеруді үйрету.</p>	<p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз табиғатта серуендейміз» Мақсаты: Қарқын мен ырғақты сақтап, қол ұстасып, шеңбер бойымен жүгіру. Шектелген алаңмен тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Қатты қимылмен қолын түзулей отырып, екі қолмен кеуде тұсынан доп лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>2. "Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ақылды алма» әңгімесі М. Әбдірашева Мақсаты: Әңгімені зейін қойып тыңдауға үйрету. Алманың апорт түрімен таныстыру. Жемістің басқа түрлерімен танысуға құштарлықтарын арттыру</p> <p>2"Шығармашылық" Сурет салу</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Алақан мен табанға сүйеніп, шектелген алаңда қол аяқ қимылдарын үйлестіріп еңбектей білуін бекіту. Қатты қимылмен қолын түзулей отырып, екі қолмен кеуде тұсынан доп лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Жеміс бағына саяхат» Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір-бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемісі-алмамен жақын таныстыру, түстер туралы ұғымын бекітіп, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын</p>	<p>2"Шығармашылық Жапсыру Тақырыбы: «Кірпіге арналған алмалар» Мақсаты: Балалардың жемістер туралы түсініктерін кеңейту, дайын түрлі – түсті дөңгелектерді кеңістікті бағдарлай отырып, жапсыруға үйрету арқылы балаларды талғампаздыққа тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p> <p>2"Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Күз сыйы. Жемістер» Мақсаты: Өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Жеміс түрлерімен олардың бақта ағашта өсетіндіктерімен, пайдасымен таныстыру. Дәмін тату арқылы</p>

		<p>күз мезгілі туралы түсініктерін үйретуді әрі қарай жалғастыру. Заттардың көлемі және пішіні, түсі әртүрлі болатынын суреттерді көрсете отырып, сөздегі үлкен-кішкентай ұғымын, шаршы, шеңбер, сопақша пішіндерін дұрыс атай білулерін үйрету. "Бір және көп" ұғымын бекіту.</p> <p>"Әдіс-тәсіл"</p> <p>1.Шаттық шеңбер</p> <p>2.Көрнекілік арқылы жемістердің үлкен және кіші пішіндерге салыстыру арқылы ажырату.</p> <p>3.Қостілділік:жеміс-фрукты,ағаш-дереве,бақ-сад.</p> <p>4.Д/ойын:"Бір және көп"</p> <p>5.Сергіту сәті.</p> <p>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>		<p>Тақырыбы: : «Тәрелкедегі алмалар»</p> <p>Мақсаты: Балаларға қылқаламмен дайын тәрелкенің бетіне алмаларды салуға үйрету. Балалардың суретке деген қызығушылығын арттырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ыждағатты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <p>1.Жылулық шеңбері</p> <p>2. М. Әбдірашева "Ақылды алма"әңгімесін оқып беру.</p> <p>3.Қостілділік:алма-яблоко.</p> <p>4. Сергіту сәті: 1 – 2 – 3 Біздерде бар күш, Терезені ашамыз. Таза ауа жұтамыз, 1 – 2 – 3 Отырамыз тып – тыныш.</p> <p>5.Жеке жұмыс:"Тарелкедегі алмалар" суретін салу.</p> <p>6.Сергіту сәті.</p> <p>7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>жетілдіру. Табиғатты қорғауға баулу. Жемістерді таныстыра отырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға дағдыландыру; сөйлеу тілінде бірыңғай мүшелерді дұрыс айтып беруге тәрбиелеу; жемістер туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Әдіс-тәсіл:</p> <p>1.Жұмбақ жасыру.</p> <p>2.Көрнекілік арқылы жемістермен таныстыру.</p> <p>3.Қостілділік:жеміс-фрукты,алма-яблоко</p> <p>4.Д/ойын:"Сықырлы қорапша"</p> <p>5.Сергіту сәті.</p> <p>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>жемістерді тани білуге, тазалық нормаларын сақтауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаға эмоционалды елгезектікпен жағымды, қамқорлықпен қарауды қалыптастыру.</p> <p>Әдіс-тәсіл.</p> <p>1.Шаттық шеңбер.</p> <p>2.Көрнекілік арқылы жемістерді таныстырып,сөйлем құрап айтқызу.</p> <p>3.Қостілділік:күз-осень,алма-яблоко.</p> <p>4.Қ/ойын:"Жапырақ арды жинау.</p> <p>5.Жеке жұмыс:"Кірпіге арналған алмалар"жапсыру.</p> <p>6.Сергіту сәті.</p> <p>7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				
	10.40-12.00	1.Ауладағы торғайларды	1.Ауа райын бақылау.	1.Ағаштарды бақылау	1.Күнді бақылау. Мақсаты: Бұлттарды	1.Құстарды бақылау.

		<p>бақылау. Мақсаты:Құстарға деген қамқоршылық сезімге,табиғатты қорғауға тәрбиелеу. 2.Еңбек:ағаштын түбіндегі жапырақтарды жинау. 3.Қимылды ойын: "Ұшты-ұшты." 4.Жеке жұмыс: Аружаннан күз туралы тақпағын қайталату. 5.Еркін ойындар</p>	<p>Мақсаты:Табиғат құбылыстарына мән беріп бақылау. 2.Еңбек:Ойын алаңын реттеу. 3.Қимылды ойын: "Ортаға түспек". 4.Жеке жұмыс: Айбибіге дауысты және дауыссыз әріптерді айтқызу 5.Еркін ойындар:</p>	<p>Мақсаты:Жапырақ түсін өзгеруін, түсуін бақылау. 2.Еңбек:Ойын алаңындағы усақ тастарды жинау. 3.Қимылды ойын: «Маған қарай жүгіріндер» Мақсаты: бір-біріне кедергі келтірмеуге,жылдам жүгіруге баулу. 4.Жеке жұмыс: Нұрасылдан пішіндерді сұрау 5.Еркін ойындар.</p>	<p>ң арасынан күннің көзі сиреп қалғанын бақылау. 2.Еңбек: Жапырақтарды теріп, жинау. 3.Қимылды ойын:"Торғай мен тоғай" 4.Жеке жұмыс: Айназ бен Аянадан күз айларын сұрау. 5.Еркін ойындар</p>	<p>Мақсаты: Қыстап қалатын құс – торғай туралы білімдерін дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. 2.Еңбек:Ойын алаңын реттеу. 3.Қимылды ойын: Допты ұстап алу. Мақсаты:ептілікке, шапшаңдыққа баулу. 4.Жеке жұмыс: Нұрасыл мен Ақылбектен күз ерекшеліктерін сұрау. 5.Еркін ойындар</p>
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		"Жеті лақ"ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Жәй әуенді тыңдату арқылы жақсы ұйқыға жатқызу	"Бауырсақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Балаларды А. Қалаубаеваның «Ертегілер, әуенің тыңдату арқылы ұйықтату.	"Қызыл телпек"ертегісін айту арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				

<p>Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.10-16.30</p>	<p>Вариативтік компонент: "Сиқырлы әлем." Тақырыбы: "Көңілді пойыз" Мақсаты: Бастырма әдісін қолданып бейне жасауды жалғастыру. Шырпы қорабы бастырмасы арқылы пойыз вагондарын бейнелету. Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту. Бояу кепкенше тосуға дағдыландыру. Шырпы қорабын басу күшін игерту, эстетикалық талғамды тәрбиелеу. Мадинаға отбасы мүшелерін айтып беруге ынталандыру</p>	<p>Үстел үсті театры бойынша «Маша мен аю» ертегісін көрсетіп айтып беру. Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу. Ақылбекпен пен Аянадан ертегі кейіпкерлерін айтқызу.</p>	<p>Қимылды ойын: "Соқыр теке" Мақсаты: балалардың ептілігін, шапшаңдығын дамыту. Мадина мен Айзереге айналадағы заттардың қандай пішінге ұқсас екенін айтқызу.</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты: Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету, сөздік қорларын молайту. Аружан мен Ақниетке түстерді ажыратуға үйрету.</p>	<p>Д/ойын: "Бау байлап үйренеміз" Мақсаты: Балаларға бау байлауды үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бекжанға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.30-16.50</p>	<p>Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>16.50-17.50</p>	<p>Ғимаратты бақылау. Мақсаты: Пішінді, биік-аласа ұғымын</p>	<p>Бұтақтарды бақылау. Мақсаты: Аласа ағаштардың негізгі</p>	<p>Күнді бақылау Мақсаты: Күннің бағытына, жылуының өзгеруіне назар</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: Құстарды бақылауды</p>	<p>Кешкі ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің</p>

		қалыптастыру,салыстыру. Қимылды ойын: "Ұшақтар" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету Еркін ойындар	бөліктерімен таныстыру. Өсімдіктер әлеміне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Қимылды ойын: "Жалауша" Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар	аудару. Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар.	жалғастыру. Торғай мен көгершінді салыстыру. Қимылды ойын: "Күн мен жаңбыр" Мақсаты: Балаларды шашыраңқы жан-жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету	ерекшелігін сезіну Қимылды ойын:"Ақсерек,көк серек" Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналарға бетперде тағуларын ескерту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескеру	Ата-аналарға төлем ақысын ұмытпауды ескерту	Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.